

ҒТАХА 03.26.00

DOI: <https://doi.org/10.62724/202520104>

Опаев Баймурат Абдрешитович*¹

Тарих бойынша философия ғылымдарының докторы PhD, Өзбекстан Республикасы Ғылым академиясының Қарақалпақстан бөлімі Қарақалпақ гуманитарлық ғылымдар ғылыми-зерттеу институты, Өзбекстан Республикасы, 230100 Нукус қаласы, Әмір Темір көш., 179а, bajmuratopaev@gmail.com, ORCID ID: 0000-0001-7931-9724

ҚАРАҚАЛПАҚСТАНДАҒЫ ҚАЗАҚТАРДЫҢ ҚАЗЫЛАР СОТЫ (XIX ҒАСЫРДЫҢ АЯҒЫ МЕН XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫ)

Аңдатпа. Қазақтар, өзбектер және қарақалпақтар Қарақалпақстанда ежелден бері тамыры терең достық қарым-қатынаста өмір сүріп, ынтымақтастықты сақтап келеді. Ұзақ тарих бойында олар бірге жасасып, татулықты ту етті. XIX ғасырда тарихи жағдайларға байланысты бұл ұлттар алдымен Хиуа хандығының қол астына өтті, кейіннен Ресей империясының құрамына кірді. Қазақ қоныстарының әрбір өңірінде рулар өз арасынан әділ билік айтар қазы сайлаған. Ұлан-байтақ далада көшпелі тірлік кешкен қазақ халқы атадан балаға мирас болып жалғасқан әдет-ғұрып нормаларын қастерлеп сақтап, олардың арасында қазылар соты өз мәртебесін жоғалтпады. Бұл мақала Төменгі Әмудария өңіріндегі қазақ қазыларының қызметіне арналған және онда XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы қазақтардың қоғамдық-саяси өмірінен мәліметтер ұсынылған. Мақалада Хиуа хандығында салық төлеген қазақ қазыларының әлеуметтік жағдайы қарастырылады. «Халық соты» институтының ерекшеліктері талданып, онда шариғат нормалары мен жергілікті әдет-ғұрыптардың қалай үйлескені зерттеледі. Бұл жұмыс Хиуа хандығы және Ресей империясының құқықтық жүйесін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Мақалада сондай-ақ қазақ қазыларының билік жүргізу тәжірибесі мен шешім шығару үдерісіндегі әділдік принциптері кеңінен баяндалады. Қазылар тек даулы мәселелерді шешіп қана қоймай, қоғамдағы тәртіп пен тұрақтылықты сақтауға үлкен үлес қосқан. Сонымен қатар, мақалада қазақ, өзбек және қарақалпақ халықтарының рухани байланыстары мен өзара ықпалдастығы, ортақ құндылықтарға негізделген татулығы тарихи деректермен дәлелденеді. Бұл зерттеу көпәтносты өңірдегі бейбіт қатар өмір сүру мәдениетін зерделеуге негіз бола алады.

Кілт сөздер. Қазылар, «халық соты», Хиуа хандығы, Әмудария бөлімі, қазақтар, шариғат, әдет, Қазы Бойра, Жәнібекұлы Қазы Иш-Мұхаммед, Қазы Қудур.

Кіріспе. Қарақалпақстан географиялық тұрғыдан Төменгі Әмудария бойында жайласқан. 1811 жылға қарай Хиуа хандығы Төменгі Әмудария аймағындағы барлық халықтарды толығымен өз билігіне қаратты. XIX ғасырда Төменгі Әмудария бойындағы қазақтардың дәстүрлі құқықтық жүйесі қалыптасқанымен, Хиуа хандығының ықпалымен шариғат заңдарына сәйкес шешім қабылдайтын қазылар сотының рөлі арта бастады.

Қарақалпақстандағы қазақтардың қазылар соты тарихы – Орталық Азияның осы бір ерекше аймағындағы құқықтық мәдениеттің қалыптасуы мен дамуының қызықты беттерін ашатын тақырып. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы Қарақалпақстан қазақтарының өмірінде қазылар соты дәстүрлі әдет-ғұрып құқығы мен ислам шариғатының өзара әрекеттесуінің көрінісі ретінде маңызды рөл атқарды.

Қазылар соты – дауларды шешудің, әділдікті қамтамасыз етудің және қоғамдағы тұрақтылықты сақтаудың халықтық институты. Ол ғасырлар бойы мұсылман қоғамында

қалыптасып, жергілікті халықтың әдет-ғұрыптарына, салт-дәстүрлеріне негізделген. Қарақалпақстандағы қазақтардың қазылар соты да осы дәстүрлі құқықтық жүйенің бір бөлігі болды және оның өзіндік ерекшеліктерімен сипатталды.

Зерттеудің өзектілігі Қарақалпақстан қазақтарының құқықтық мәдениетін, дәстүрлі сот жүйесінің қызметін және оның қоғамдық өмірдегі рөлін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Бұл тақырыпты зерттеу арқылы біз Қарақалпақстандағы қазақ халқының құқықтық ойлауының қалыптасу ерекшеліктерін, әдет-ғұрып құқығының исламмен және басқа да мәдени ықпалдармен өзара әрекеттесуін анықтай аламыз.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Зерттеу барысында проблемалық-хронологиялық, салыстырмалы-тарихи, ретроспективті әдістер қолданылды. Проблемалық-хронологиялық әдіс арқылы зерттеу тақырыбы белгілі бір хронологиялық шеңберде қарастырылды. Салыстырмалы-тарихи әдіс арқылы әр түрлі тарихи құбылыстар мен процестерді салыстыру арқылы олардың ортақ және айырмашылық белгілері анықталды. Ретроспективті әдіс арқылы өткенге көз жүгіртіліп, сол дәуірдегі жағдайдың қалыптасуы талданды. Қазылар сотының шешімдері, қаралған істердің саны және түрлері туралы мәліметтерді талдау үшін статистикалық әдіс қолданылды. Бұл әдіс сот практикасының сандық көрсеткіштерін анықтауға көмектесті.

Зерттеу жұмысының дереккөздері ретінде Өзбекстан Республикасының Орталық мемлекеттік архивіндегі қазылар сотына қатысты құжаттар, сол кезеңдегі орыс ғалымдарының еңбектері, кеңестік және одан кейінгі кезеңдегі ғалымдардың тақырыпқа байланысты мәліметтері пайдаланылады. Автор осы материалдар мен деректерді тарихи салыстыру әдісі, тарихи байқаулар және дискурсивті талдау арқылы қарастырады. Сонымен қатар, архив деректері мақаланың мақсатына сай қолданылып, тиімді пайдаланылады. Атап айтқанда, төңкеріске дейінгі Хиуа хандарының мұрағатына қатысты И-125 қорындағы қазылар туралы жазбалардан және Түркістан генерал-губернаторлығының Сырдария облысына тиесілі И-17 қорынан қазақ қазыларына қатысты деректер табылды. Осы жоғарыда аталған деректер қазақ дәстүрлі қазылық институтының қызметін, оның құрылымын және әлеуметтік рөлін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, архив құжаттарында қазақ қазыларының жергілікті билік органдарымен қарым-қатынасы, олардың арасындағы өзара әрекеттесу сипаты туралы мәліметтер де кездеседі. Бұл мәліметтер қазақ қоғамындағы билік жүйесінің жұмыс істеу механизмін, дәстүрлі және отарлық билік институттарының арақатынасын айқындауға септігін тигізеді.

Сонымен қатар, тақырыпқа қатысты ғылыми еңбектер зерттеуге тартылды.

Нәтижелер және оларды талқылау. Бұл мақала XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы Қарақалпақстандағы қазақтар арасындағы қазылар институтын зерттеу нысаны ретінде қарастырады. Зерттеуде қазылардың қалай сайланғаны, олардың жауапкершілігі, сот ісін жүргізу ерекшеліктері, әдет-ғұрып құқығы, шариғат ережелері мен Ресей империясының заңдары арасындағы байланыс, қазылардың қазақ қоғамындағы маңызы, олардың әділдік, тыныштық пен тұрақтылықты сақтаудағы рөлі сияқты мәселелерге көңіл бөлінеді.

Қарақалпақстандағы қазақтар арасындағы қазылар соты туралы ғылыми зерттеулер бірнеше бағытта жүргізілген. Ресей империясы дәуірінде Әмудария бөлімінің басшысы болған О.А. Шкапский Орталық Азияның көшпелі халықтары арасындағы әйелдердің әлеуметтік жағдайы және шариғат сотын зерттеді [10]. Сол бөлімнің тағы бір басшысы А.С. Галкин Хиуа оазисінің әскери-статистикалық бейнесін сипаттап жазды [2]. Ал И.И. Крафт Түркістан өлкесі мен далалық аймақтардағы сот жүйесі туралы еңбек жазды [5]. Бұл еңбекте қазақтардың билер мен қазылар сотының қызметіне де ерекше көңіл бөлінген.

Қарақалпақстандағы қазақ қазылары туралы ақпараттың көп бөлігі жергілікті зерттеушілердің монографияларында шашыраңқы мәліметтер ретінде кездеседі. Атап айтқанда, У. Шәлекеновтің «Әмудария төменгі ағысындағы қазақтар» атты кітабында Қарақалпақстандағы қазақ руларының қоныстану аймақтары мен патшалық Ресей кезеңіндегі қазыларды сайлау туралы мәліметтер келтірілген [9]. Ю.Э. Брегельдің еңбектерінде Хиуа хандығындағы салық салу жүйесі, соның ішінде қазақтар мен қарақалпақтардан алынатын зекет (шаруа салығы), салғыт (жер салығы) мөлшері, сондай-ақ олардың мал-жаны, қой саны мен өнделетін жер көлемі туралы деректер берілген [1]. П.П. Иванов еңбектерінде Хиуа хандығы дәуіріндегі салық салу жүйесі мен басқа да салаларға қатысты деректер кездеседі [4]. Өз кезегінде, О. Жалилов Хиуа хандығы архивінде сақталған жазба құжаттардағы ақпаратты талдаумен айналысады [3]. Олардың арасында қазылық қызметке қатысты құжаттар да бар. Р. Қосбергенов қарақалпақ халқының отарлық кезеңдегі қазылар сотындағы жаңалықтар мен оларды бұл қызметке даярлаудағы өзгерістерді баяндайды [6]. Ал, А.Төреев XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында қарақалпақ өңірінде қазақтардың жеке қазы сотын құруға ұмтылғанын жазады [8]. Ресей империясы кезеңінде Қарақалпақстанға Орал казактары қоныс аударылды. Ресей үкіметі ұйымдастырған бұл көші-қонның мақсаттары мен салдарын А.С. Тасмағамбетов өз еңбегінде жан-жақты сипаттап берген [7].

Осы өңірде қазақ халқының өмірі көбінесе көшпелі немесе жартылай көшпелі сипатта болды. Осыған байланысты, олар өздерінің дәстүрлері мен ислам шарифатының қағидаларын мұқият сақтады. Хиуа хандығы дәуірінде қазақтар мен қарақалпақтар тығыз байланыста болып, өзара мәдени және тілдік ықпал жасасқан. Олардың бірге өмір сүргендігінің айқын дәлелі ретінде Хиуа хандарының мұрағаттарында сақталған салық төлеушілердің тізімдерінде екі халықтың да қатар аталуын келтіруге болады. Бұл деректерді қарақалпақ халқының тарихын зерттеуші П. П. Иванов [4], Ю. Э. Брегель [1] және О. Х. Жалилов [3] сынды ғалымдар Хиуа құжаттарына сүйене отырып растаған.

Төменгі Әмудария жағалауындағы қазақ қазылары мемлекеттік істерге араласып, сот жүйесінде маңызды рөл атқарған. Қазылар жергілікті халық арасында беделді, әділдігімен танымал болған. Олар дауларды шешу, жер мәселелерін реттеу, сауда-саттық қатынастарын қадағалау сияқты істерді жүргізген. Қазылар соты қазақ қоғамындағы дәстүрлі құқықтық жүйенің бір бөлігі ретінде қалыптасып, дамыды. Қазылар сотының тарихы қазақ халқының құқықтық мәдениетін, әдет-ғұрыптарын зерттеуде маңызды дерек көзі болып табылады.

Хиуа хандығының салық кітаптарында қарақалпақтармен бірге қазақтардың да салық төлеуші ретінде тіркелгені анықталды, олардың арасында қазылардың да есімдері кездеседі. Атап айтқанда, қазақ қазыларынан Қазы Бойра, Жәнібекұлы Қазы Иш-Мұхаммед және Қазы Гудур сынды тұлғалардың есімдері жазылған. Бұл мәліметтер Хиуа хандығындағы қазақтардың әлеуметтік-экономикалық ахуалын және олардың басқару жүйесіне қатысуын көрсететін маңызды дерек. Қазылардың салық төлеушілер арасында болуы, олардың хандыққа қатысты жауапкершілігін және ықпалды тұлғалар екендігін дәлелдейді.

Аталған Қазы Бойра (بويرا), Қазы Иш-Мұхаммед Жәнібекұлы және Қазы Гудур сол кезеңдегі Хиуа хандығындағы қазақ қоғамының құқықтық жүйесінде маңызды рөл атқарған бірегей тұлғалар. Олардың қызметі арқылы қазақтардың Хиуа хандығымен қарым-қатынасының жаңа қырлары ашылады. Бұл мәліметтер тарихшылар үшін құнды дерек көзі бола алады.

Қазы Бойра (بويرا) – тегі қазақ, табын руынан шыққан тұлға. 1869 жылы Ақтубадағы күреңде (Хиуа хандығының салық жинайтын орны) оның иелігіндегі 100 қой есепке алынған [1, 166 б.]. Бір жылдан кейін, 1870 жылдың тамыз-қыркүйек айларында

қарақалпақтар мен қазақтардан жиналған зекет кітабында Қазы Бойраның 14 бас ірі қара малы мен 66 бас қойы тіркеуге енген [1, 172 б.]. 1871 жылдың шілдесінен 19 тамызына дейінгі аралықта жүргізілген зекет есебінде оның 120 қойы бар екені анықталған [1, 210 б.]. 1872 жылдың тамыз айынан 13 қыркүйегіне дейін Хожелі маңындағы күреңіндегі шопандарда (خواجہ ییل نیک اطرا فیندا غی چار والارنیک کورانکی) оның 60 бас қойы саналды [1, 250 б.]. Хиуа хандығындағы қарақалпақтардың тарихын зерттеген Жалилов Қазы Бойраның Хожелі маңында тұратынын айтады.

Қазы Иш-Мұхаммед Жәнібекұлы – қазақ, әлім руынан. 1869 жылы Ақтубадағы күреңде (اق دویء کورانکی) [168, 1 б.] тіркелген. 1870 жылдың тамыз-қыркүйек айларында қазақтар мен қарақалпақтардан жиналған зекет есебінде оның 120 бас қойы есепке алынып, одан екі тилла (Хиуа хандығының алтын монетасы) кешірілген [1, 172 б.]. Қарақалпақтар мен қазақтардан 1871 жылдың шілдесі мен 19 тамызы аралығында жиналған зекет есеп кітабында Қазы Иш-Мұхаммедтің 95 бас қойы саналған [1, 210 б.]. Сонымен қатар, Ақтубадағы Беклербегі күреңінде оның 60 бас қойы және 6 бас ірі қарасы есепке алынған [1, 241 б.]. 1872 жылдың тамызы мен 13 қыркүйегі аралығында Ақтубадағы Беглербегі мен Ерназар аталық күреңінде (اق توه بکلاریکی آغا بلان ارنظار اتالیق) қарақалпақтар мен қазақтардан жиналған зекет есебінде оның 70 бас қойы тіркелген [1, 285 б.].

Қазы Қудар (Қазы Гудар, Қазы Қудур (قودار)) ишан – қазақ, әлім руынан шыққан тұлға. 1869 жылы қыркүйекте қарақалпақтар мен қазақтардан жиналған зекет есебінде оның 100 бас қойы есепке алынып, салық төлеуден босатылған [1, 164 б.]. 1870 жылы тамыз-қыркүйек айларында қарақалпақтар мен қазақтардан жиналған зекет кітабында 75 бас қойы саналған, одан 2 тилла кешірілген [1, 172 б.]. 1871 жылдың шілдесінен 19 тамызына дейін қарақалпақтар мен қазақтардан жиналған зекет есебі кітабына 80 қойы мен 1 ірі қара малы тіркеліп, 5 тиын шегерілген [1, 238 б.].

Бұл деректер ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы Хиуа хандығындағы қазақтардың экономикалық жағдайы мен әлеуметтік рөлін айқындай түседі. Қазы Бойра, Қазы Иш-Мұхаммед Жәнібекұлы және Қазы Құдыр ишан сияқты тұлғалардың мал шаруашылығымен айналысқаны олардың хандық жүйесінде белгілі бір дәрежеде ықпалды болғанын көрсетеді.

Зекет төлеуден босатылу немесе жеңілдіктер алу олардың діни қызметімен немесе қоғамдағы беделімен байланысты болуы мүмкін. Қазылардың әлім және табын руларынан шығуы осы рулардың Хиуа хандығындағы қазақтар арасындағы маңыздылығын дәлелдейді. Бұл мәліметтер қазақтардың Хиуа хандығының экономикалық және әлеуметтік өміріне қосқан үлесін бағалау үшін құнды дерек көзі болып табылады. Жоғарыда аталған қазақ қазылары Ресей Хиуа хандығын жаулап алғаннан кейін де қызметтерін жалғастырды.

Әмудария өзенінің төменгі жағасын қарақалпақтар, өзбектер, түрікмендер, қазақтар мекендеген, бұл аумақ 1873 жылға дейін Хиуа хандығының құрамында болған. 1873 жылы Ресей империясы Хиуа хандығын жаулап алғаннан кейін осы жылдың 12 тамызында Гандимиян бітім шарты бойынша, оның шарттарына сәйкес, Әмударияның оң жағалауындағы жерлер Ресей империясына берілді, және осы аймақта Түркістан генерал-губернаторлығының Әмудария бөлімі құрылды. Әмудария бөлімінің құрылуы ғасырлар бойы бірге өмір сүрген Хиуа хандығының халқын жасанды түрде екіге бөлді. Хиуа хандығына жататын Әмударияның сол жағалауында Мойнақ, Қыпшақ, Қылыш – Ниязбай, Көне Үргеніш, Қоңырат, Қытай, Маңғыт, Хожелі, Шоманай бектіктері орналасқан.

1873 жылға дейін шекті руының табын, алаша, адай, тілеуқабак рулары негізінен Әмударияның сол жағалауын мекендеген болса, ХХ ғасырдың аяғында олардың едәуір бөлігі Әмудария бөлімінің аумағына қоныстанды [9, 61].

Бөлімнің әкімшілік орталығы 1874 жылы Әмударияның оң жағалауында құрылған Петро-Александровск қаласы болды. Әмудария бөлімі Шорахан және Шымбай учаскелері болып 2 бөлікке бөлінді.

Шымбай учаскесіне 12 болыс – Нөкіс, Шымбай, Кегейлі, Көкөзек, Бесжап, Есім, Дәуқара, Көккөл, Нәупір, Таллық, Қоңырат, Жаңабазар болыстары, ал Шорахан учаскесіне 7 болыс – Шорахан, Төрткүл, Шайх-Аббас-Уәли, Бийбазар, Мыңбұлақ, Тамды, Сәріби болыстары кірді. Бұл болыстардың көпшілігінде қазақтар мекендеген.

Әмудария бөлімінде байұлы тайпасының рулары Қоңырат болысындағы 23 шаңыраққа жуығын есептемегенде, мүлдем болмаған. Жетіру тайпасынан табын руы негізінен Нөкіс, Бибазар, Қоңырат болыстарына және ішінара Кегейлі, Таллық болыстарына қоныстанса, ал тама руы Мыңбұлақ болысына орналасқан. Төрелер алғашында Дәуқара болысына, кейіннен Нөкіс пен Назархан өңіріне қоныстанған, ал қырғыз руы Көккөл болысына орналасқан [9, 64-65 б.].

Әмудария бөлімінде қазылар соты сақталып қалды. Бірақ ол «халық соты» деп аталған. Сот істері қазылардың қолында болды. Алайда, бұрынғыдай әр бектіктің қарамағында бір қазыдан емес, орталықтандырылды. Мысалы, Әмудария бөлімінің Шымбай учаскесі 1876 жылы сайлаудан кейін 5 сот учаскесіне бөлінді:

1-учаске – Нөкіс болысы;

2-учаске – Дәуқара болысы;

3-учаске – Қоңырат және Таллық болыстары;

4-учаске – Кегейлі және Нәупір болыстары;

5-учаске – Шымбай, Есім және Көккөл болыстарынан тұрады.

Бұл учаскелердің әрқайсысында қазылар қызмет атқарды. Қазылар да болыс, ақсақалдар сияқты болыстық сайлау съезінде халық тарапынан үш жыл мерзімге «сайланып» қойылды [5, 14 б.].

Қазылық сайлауы сандыққа асық тастау негізінде өткізілген. Асықтар қара және ақ түсті болып, ақ түс үміткерді қолдау, ал қара оған қарсы дауыс беру белгісі болды. Хиуа хандығы кезінде қазылық ұзақ мерзімге тағайындалса, патшалық Ресей жаулап алғаннан кейін империя құрамындағы Әмудария бөлімінде қазылар үш жылға сайланған. Ал кеңестік кезеңде бір жылға сайланатын болды.

1865 жылы 6 тамызда қабылданған «Түркістан өлкесін басқару туралы уақытша Ереже» бойынша әскери губернатор бекітетін қазы лауазымдарына сайлау өткізілді. 1876 жылы халық судьяларын сайлауды ұйымдастыру кезінде халықтың лауазымды тұлғаларының ұлтына қатысты тілектері де ескерілді. Құрылған бес сот округінде аумақтардың орналасуы мен халқының құрамына қарай үш қарақалпақ, бір қазақ және бір өзбек қазысы сайланды [6, 127 б.].

Төменгі Әмудария жағалауындағы қазақтардың тарихын зерттеген У. Шәлкеенов Патшалық Ресей үкіметінің сайлау жүйесі туралы былай дейді: «Әмудария бөлімінде қазы формальды түрде сайланбалы қызмет болып саналса, шын мәнінде болыс губернаторлары мен патша шенеуніктеріне көбірек пара берген адам сайланды» [9, 71 б.].

Ресей империясы жаулап алғанға дейін қазылыққа медресе бітіріп, шарифатты жетік меңгерген адамдар тағайындалған. Одан кейін Ресей империясының отаршылары қазыларды сайлау арқылы тағайындаған соң, шарифатты жақсы білмейтін патша шенеуніктері қазы болды. Халық сотына сайлау әділ өтпеді, қазылыққа патша үкіметіне қолайлы адамдар тағайындалды.

Жоғарыдағы дерек бұны растайды: «Көбінесе қазылыққа сауатсыз адамдар сайланды, бірақ шағым берушілер арасында жоғары діни оқу орындарының түлектері де болды». Әкімшілікті сайлау тек формалды түрде өтті. Сайлаудың алдында пара мен паракорлық болды; нәтижесінде бұл қызметтерге үнемі қанаушы таптардың өкілдері сайланды. Мерзімі біткен соң шенеуніктер отбасы туыстарының қолдауымен бұл қызметке қайтадан сайланды немесе ұлына немесе інісіне берді [9, 69 б.].

Ресейге қарасты Әмудария бөлімінде қазақ қазыларынан: Тамды болысында Тұрамбет Айтуаров, Іңгірбай Булатбаев, Қазанқап Шігітбаев, Аңқара Күншағаров, Шымбай болысында Досмағамбет Нұрдәулетов, Қоңырат болысында Есім қазы Құтлымұратов, Көкөзек болысынан Көшкінбай қазы Тоқмағамбетовтар «халық сотында» қызмет етті.

Өз заманының сауатты қазыларының бірі, әділдік жолында халқына адал қызмет еткен қазақ ұлтынан Көшкінбай қазы Тоқмағамбетов 1872 жылы қазіргі Қараөзек ауданының Бесжап ауылында дүниеге келген. Қазы болған жылдары қарапайым халықтың арыз-шағымын тыңдап, шариғат жолымен шешіп, ел құрметіне бөленгенін замандастары айтады.

Ешім қазы 1861 жылы Қоңырат бектігінің 4-ауылында дүниеге келген, ұлты қазақ, діни сауаты бар, медресе бітірген, Қоңырат бектігінде қазы болған. 1930 жылы наурызда Кеңес үкіметіне қарсы шықты деген айыппен түрмеге жабылады. Қоңырат бектігінде қазы болып, кейін би қызметін атқарып, ел бірлігін сақтауға, халықтың құқығын қорғауға, Кеңес өкіметінің қысымшылық саясатына қарсы бас көтерген азаматтарды қолдауға белсенсін қызмет еткен.

Көшпелі қазақтар арасында билер соты сақталып қалды. Жартылай көшпелі және көшпелі халықтың халық соттары – билер соты әртүрлі түсіндірілетін әдет-ғұрып ережелерін қолданды. Ресми түрде жалақысы жоқ билер мен қазылар іс жүзінде әдет бойынша әрбір азаматтық істің 10 пайызын өндіріп алатын. Қазы өзінің 100 дурре (Дурре – шариғаттың нақты үкімдері бойынша бір жануардың үш қатар терісінен тоқылған, қысқа сабы бар кең әрі қалың камшы. Шариғат бойынша дурре жазасы кезінде оның шынтағын кеудесінен ажыратуға құқығы болмаған [5, 61 б.]) жаза және 6 тәулікке дейін бас бостандығынан айыру құқығын пайдаланды. Кез келген талап арыздар мен қатаң жазасы жоқ істер бойынша соңғы шешімді қазы шығарады. Қазылардың шешіміне қанағаттанбағандар биге жүгінген, кейін қазылар съезінің шешіміне ауыстырылған. Бұл съездер жеке қазылардың құзырынан тыс күрделі істер бойынша да юрисдикцияға ие болды.

Олардың айтуынша, қазылардың шешімдері көбінесе парасаттылыққа емес, жергілікті әдет-ғұрыптар мен ықпалды адамдардың қысымына негізделген. Бұл жағдай сот жүйесіне деген сенімді төмендетіп, әділетсіздікке жол ашты. У. Шалекенов атап өткендей, қазылардың білім деңгейінің төмендігінен діни білімі бар адамдардың шағымдарының қаралуы қиындады. Өйткені қазылар шариғат заңдарын жетік білмегендіктен, даулы мәселелерді шешуде қиындықтарға тап болды.

Осының салдарынан халық арасында заңгерлік кеңес алуға деген сұраныс артты. Адамдар өз құқықтарын қорғау үшін білікті мамандарға жүгінуге мәжбүр болды. Бұл жағдай сот жүйесіндегі реформалардың қажеттілігін көрсетті. Сонымен қатар, қазылардың сауатсыздығы жергілікті басқару органдары мен діни институттар арасындағы қарым-қатынасты шиеленістірді. Гиршфельд пен Галкин атап өткен: «Сайлаудың басталуына қойылатын талаптардың төмендігінен Әмудария өлкесіндегі халық судьяларының білім деңгейі өте алуан түрлі. Ең танымал қазылардың қатарында Хиуа медреселерінің толық курсы бітіргендер бар. Соған қарамастан, білімі төмен,

шариғаттың құқықтық ережелерімен жеткілікті түрде таныс емес қазылары бар, ал көшпелі халықтың қазылары арасында көбісі мүлде сауатсыз» [2, 9 б.].

Демек, XX ғасырдың басында Әмудария өлкесіндегі халық судьяларының білім деңгейінің ала-құлалығы байқалған. Бұл жағдай, бір жағынан, қазылардың сайлану тәртібінің жеңілдігімен түсіндірілсе, екінші жағынан, аймақтағы әлеуметтік-мәдени айырмашылықтармен байланысты болды. Сондықтан Әмудария өлкесіндегі халық судьяларының білім деңгейіне қатысты мәселе – тек тарихи факт қана емес, сонымен қатар сол кездегі қоғамның әлеуметтік-мәдени келбетін, құқықтық жүйесінің кемшіліктерін көрсететін маңызды дерек.

Патша үкіметінің қазылар сотында жүргізген реформаларының нәтижесінде халық соттарында әділетсіздік пен жемқорлық күшейді. Мұндай жағдай қазақ қазыларының арасында да кездесіп, оны архив құжаттарындағы деректер растайды. Мысалы, Таллық болысының судьясы Ақжігіт Күчекбаев пара алды деп айыпталды [12]. Шорахан болысына қарасты Төрткүл болысының биі Исмаил Құлмұхамедовке құжаттарды қолдан жасады деген айып тағылды [11]. Алайда қазылар сотының да беделі бұрынғыдай емес еді. Патша үкіметінің қысымымен билер өз шешімдерінде тәуелсіз бола алмай, кейде үкімет мүддесін қорғауға мәжбүр болды. Бұл жағдай халықтың қазыларға деген сенімін азайтып, қоғамдағы тұрақсыздықты күшейтті.

Сайлаудағы әділетсіздіктер ақыр соңында халық көтерілістеріне әкелді. Осындай көтерілістердің бірі 1898 жылы Таллық болысында болды. Осы көтерілістен кейін патша үкіметі жергілікті халықтың талаптарына келісуге мәжбүр болды. Осы тарихи оқиғадан кейін Әмудария бөлімінің басқа да жерлерінде болыс, ақсақал, қазы сайлауларын қайта өткізуді немесе тиісті әкімшілік бірліктерден бөлініп шығуды талап етті. Есім болыстығынан Көкөзек, Нәупір болыстығынан Бесжап, Кегейлі болыстығынан Жаңабазар болыстығы бөлініп шықты.

1899 жылы 5 сәуірде Шымбайда 119 үйлі қазақ, Кегейлі болыстығының 300 үйлі қазақ шаруашылықтарының талабымен өздеріне қазы тағайындап беруге мәжбүр болды [8, 39-40 б.].

Орал казактарының Төменгі Әмудария жағалауына көшірілуі, оларға бұл аймақта құнарлы жерлер, үйлер, ақша берілуін жергілікті халық өздерін кемсіту деп қабылдады. Сонымен қатар көшіріліп әкелінгендер мен жергілікті халық арасында түрлі жанжалдар болып тұрды. Балық аулауда да орал казактары жеңілдіктерге ие болып, жергілікті халықты қол астында ұстап, езді. Қазылар сотының алдында олардың құқықтары жоғары тұрды. Мысалы, 1911 жылдың 21 қаңтарында оралдық казактар Константин Куприяхин мен Степан Волновқа тиесілі балығы бар қайық суға батып кеткен. Олар Хожелі қаласы бегінің жергілікті балықшыларды кінәлап, барлық шығынды кінәсіз жергілікті балықшылардан өндіріп алуды талап еткен [13].

Орал казактары мен жергілікті халық арасында дау туындаған жағдайда, оларды татуластыру қазыларға жүктелген. Талапкерлерге өзара келісім бойынша халық қазысы мен отырықшы жергілікті халықты айналып өтіп, егер қазының шешіміне екі тарап та қанағаттанбаса, олардың істерін талдау үшін орыс сотына жүгіну құқығы берілді. Уақыт өте келе орал казактары осы аймаққа бейімделді, тіпті кейбіреулері ислам дінін қабылдады.

А. С. Тасмағамбетовтың пікірінше, «Осы тұста Орал казактарының толқулары орынды болды. Үкімет жоғарыда аталған шаралармен орал казактарына қарсы бірден екі міндетті шешті: бір жағынан, «бүлікшілерді» жазалады, екінші жағынан - Түркістан өлкесін орыс тілді тұрғындардың егіншілікпен отарлауын бастады. Сонымен қатар, бұл отарлаушылардың жергілікті жағдайларға жақсы бейімделгенін, түркі тілдес халықтардың (қазақтар, қарақалпақтар, өзбектер, түрікмендер, татар, башқұрттар)

арасында ұзақ уақыт өмір сүріп, олардың тұрмыс-салтына үйренгенін атап өту керек» [7, 224 б.].

Судьяның шешімі түпкілікті болып табылды және оған шағым жасауға болмайтын еді. Әмудария әкімшілігі билердің сот істеріне біршама бақылау орнатуға тырысты, бірақ одан ештеңе шықпады. Дегенмен, оңтүстік жағалаудың тұрғындары батыс жағалаумен салыстырғанда заң тұрғысынан өздерін еркін сезінгенін айту керек.

XX ғасыр басында елдің тұрмыс жағдайының нашарлауы, ірі капитал иелерінің күш көрсету жолымен өнімді, суармалы жерлерді өз меншігіне айналдыра бастауы халықтың наразылығын күшейтті. Орман қадағалаушысы 1916 жылғы 17 маусымдағы баяндамасында: «... Қазіргі уақытта Арал теңізінде балық аулау мен теңіз шаруашылығының дамуына байланысты талқылаулар мен сот құжаттары арқылы жерге жаппай иелік ету басталды» деп жазады. Балық аулаудың қарқынды дамуы жерге талас-тартыстарды тудырып, теңіз жағалауындағы аумақтарды бөліске салу мәселесін күн тәртібіне шығарды.

Қорытынды. Қорыта келгенде, Қарақалпақстандағы қазақтардың қазылар соты XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы қоғамдық өмірдің маңызды институты болған. Ол дәстүрлі құқықтық нормаларды сақтауға, әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етуге және дауларды шешуге ықпал еткен. Төменгі Әмудария жағалауындағы қазақтардың қазылар соты – дәстүрлі құқықтық мәдениетіміздің құнды мұрасы. Ол қазақ қоғамындағы әділдік пен татулықты сақтауда маңызды рөл атқарған, дауларды шешудің тиімді институты болған.

Дегенмен, Патша үкіметінің уақытында бұрынғыдай қазыларды медресе бітірген, шариятты жақсы білетін, терең білімге ие адамдардан емес, патша үкіметіне мақұл келетін адамдардың сайлануы қазыларға деген сенімді жойды. Бұл жағдай шарият сотын жаңғыртуды қажет етті. Осы себепті жәдидшілер қозғалысы қазылар сотында реформа жүргізуді талап етіп шықты.

Бұл сот жүйесінің тарихын зерттеу – өткенге деген құрмет қана емес, бүгінгі күн үшін де маңызды. Өйткені қазылар сотының тәжірибесінен біз дауларды шешудің бейбіт жолдарын, халықтың даналығын және әділдікке деген ұмтылысын көреміз. Бұл құндылықтар қазіргі заманда да өз маңызын жоғалтпаған.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Брегель, Ю.Э. Документы архива хивинских ханов по истории и этнографии каракалпаков [Текст] / Ю.Э. Брегель. – Москва: «Наука», 1967. – 541 с.

2 Гиршфельд и Галкин. Военно-статистическое описание Хивинского оазиса. Ч. I. [Текст] / Гиршфельд и Галкин. – Ташкент, 1902. – 280 с.

3 Жалилов, О. XIX-XX аср бошларидаги қарақалпоқ тарихидан (Хива давлат хужжатлари асосида) [Текст] / О. Жалилов. – Тошкент: «Фан», 1986. – 112 б.

4 Иванов, П.П. Қарақалпақлар тарихының очерки [Текст] / П.П. Иванов. – Нөкіс: «Билим», 2021. – 320 б.

5 Крафт, И.И. Судебная часть в Туркестанском крае и степных областях [Текст] / И.И. Крафт. – Оренбург, 1898. – 214 с.

5 Қосбергенов, Р. Қарақалпақ халқының колониаль дәуірдегі мәдениеті хәм турмысы [Текст] / Р. Қосбергенов. – Нөкіс: «Қарақалпақстан», 1970. – 112 б.

6 Қосбергенов, Р. Қарақалпақлардың Россияға қосылуы [Текст] / Р. Қосбергенов. Нөкіс: «Қарақалпақстан», 1972. – 224 б.

7 Тасмагамбетов, А.С. История конфессии Казахстана в конце XVIII-начале XX вв. (по материалам ислама и православия) [Текст] / А.С. Тасмагамбетов. – Уральск, Редакционно-издательский центр ЗКГУ им. М.Утемисова, 2012 – 368 с.

- 8 Төреев, А. XIX әсирдин ақыры XX әсир басында карақалпақ үлкесинде дийханлар хәрекеті [Текст] / А. Төреев. – Нөкис: «Қарақалпақстан», 1991. – 180 б.
- 9 Шалекенов, У. Қазахи низовьев Амударьи [Текст] / У. Шалекенов. – Ташкент: «Фан», 1966 – 336 с.
- 10 Шкапский, О. Положение женщины у кочевников Средней Азии [Текст] / О. Шкапский // Среднеазиатский вестник. Ташкент. – 1896 – № 6, 7.
- 11 ЦГА РУз. Ф. И-17, оп. 1, д. 5125, л. 1 и об.
- 12 ЦГА РУз. Ф. И-17, оп. 1, д. 5685, л. 1.
- 13 ЦГА РУз. Ф.И-125, оп-1, д-295, л. 13 и об.

REFERENCES

- 1 Bregel', Ju.Je. Dokumenty arhiva hivinskih hanov po istorii i jetnografii karakalpakov [Documents of the archive of the Khiva khans on the history and ethnography of the Karakalpak]. Moskva: «Nauka», (1967): 541 s. – (In Rus)
- 2 Girshfel'd i Galkin. Voенно-statisticheskoe opisanie Hivinskogo oazisa. Ch. I. [Military statistical description of the Khiva oasis. Ch. I.]. Tashkent, (1902): 280 s. – (In Rus)
- 3 Zhalilov, O. XIX-XX asr boshlaridagi korakalpok tarihidan (Hiva davlat xuzhzhatlari asosida) [From the history of Karakalpak in the XIX-early XX centuries (on the basis of Khiva state documents)]. Toshkent: «Fan», (1986): 112 b. – (In Usb)
- 4 Ivanov, P.P. Karakalpaklar tarijhynyn ocherki [Essays on Karakalpak history]. Nokis: «Bilim», (2021): 320 b. – (In KKP)
- 5 Kraft, I.I. Sudebnaja chast' v Turkestanskom krae i stepnyh oblastjah [The judicial part in the Turkestan territory and steppe regions]. Orenburg, (1898): 214 s. – (In Rus)
- 5 Kosbergenov, R. Karakalpak halkynyn kolonial' daʻirdegi madenijaty ham turmysy [The judicial part in the Turkestan territory and steppe regions]. Nokis: «Karakalpakstan», (1970): 112 b. – (In KKP)
- 6 Kosbergenov, R. Karakalpaklardyn Rossijaga kosylyuy [Accession of karakalpak to Russia]. R. Kosbergenov. Nokis: «Karakalpakstan», (1972): 224 b. – (In KKP)
- 7 Tasmagambetov, A.S. Istorija konfessii Kazahstana v konce XVIII-nachale XX vv. (po materialam islama i pravoslavija) [The history of the denomination of Kazakhstan in the late XVIII-early XX centuries. (based on the materials of Islam and Orthodoxy)]. Ural'sk, Redakcionno-izdatel'skij centr ZKGU im. M.Utemisova, (2012): 368 s. – (In Rus)
- 8 Toreev, A. XIX asirdin akyry XX asir basynda karakalpak үлкесинде дийханлар хәрекеті [Peasant activity in the Karakalpak region in the late XIX and early XX centuries]. Nokis: «Karakalpakstan», (1991): 180 b. – (In KKP)
- 9 Shalekenov, U. Kazahi nizov'ev Amudar'i [Kazakhs of the lower reaches of the Amu Darya]. Tashkent: «Fan», (1966): 336 s. – (In KKP)
- 10 Shkapskij, O. Polozhenie zhenshhiny u kochevnikov Srednej Azii [The position of women among the nomads of Central Asia]. Sredneaziatskij vestnik. Tashkent. – 1896 – № 6, 7. – (In Rus)
- 11 CGA RUz. F. I-17, op. 1, d. 5125, l. 1 i ob.
- 12 CGA RUz. F. I-17, op. 1, d. 5685, l. 1.
- 13 CGA RUz. F.I-125, op-1, d-295, l. 13 i ob.

Опаев Баймурат Абдрешитович*¹

Доктор философских наук PhD, Каракалпакстанский отдел Академии Наук Республики Узбекистан, Каракалпакский Научно-исследовательский институт гуманитарных наук, Республика Узбекистан, 230100 г. Нукус, ул. Амира Темира., 179а,
bajmuratopaev@gmail.com, ORCID ID: 0000-0001-7931-9724

СУД КАЗИЕВ КАЗАХОВ В КАРАКАЛПАКСТАНЕ (КОНЕЦ XIX - НАЧАЛО XX ВЕКА)

Аннотация. Казахи, узбеки и каракалпаки в Каракалпакстане издревле живут в глубоко укоренившихся дружеских отношениях и поддерживают сотрудничество. На протяжении долгой истории они сосуществовали и сохраняли мир. В XIX веке, в силу исторических обстоятельств, эти народы сначала попали под власть Хивинского ханства, а позже вошли в состав Российской империи. В каждом регионе казахских поселений роды избирали из своей среды казы – судью, способного выносить справедливые решения. Казахский народ, ведущий кочевой образ жизни в бескрайней степи, бережно хранил традиционные нормы, передаваемые от отца к сыну, и среди них суды казиев не утратили своего статуса. Данная статья посвящена деятельности казахских казиев в Нижнеамударьинском регионе и содержит сведения об общественно-политической жизни казахов в конце XIX и начале XX веков. В статье рассматривается социальное положение казахских казиев, плативших налоги в Хивинском ханстве. Анализируются особенности института «народного суда», исследуется, как в нем сочетаются нормы шариата и местные обычаи. Эта работа позволяет глубже понять правовую систему Хивинского ханства и Российской империи. В статье также подробно рассматривается опыт правосудия казахских казиев и принципы справедливости в процессе принятия решений. Казии не только разрешали спорные вопросы, но и вносили значительный вклад в поддержание порядка и стабильности в обществе. Кроме того, в статье приводятся исторические данные, подтверждающие духовную связь и взаимное влияние казахского, узбекского и каракалпакского народов, а также их добрососедские отношения, основанные на общих ценностях. Это исследование может служить основой для изучения культуры мирного сосуществования в многонациональном регионе.

Ключевые слова. Казы, «народный суд», Хивинское ханство, Амударьинский отдел, казахи, шариат, обычай, Казы Бойра, Казы Иш-Мухаммед Жанибекулы, Казы Кудур.

Опаев Baimurat Abdreshitovich*¹

Doctor of Philosophy PhD in history, Karakalpak Research Institute of Humanities of the Karakalpak branch of the Academy of Sciences of the Republic of Uzbekistan, Republic of Uzbekistan, 230100 Nukus, Amir Temir STR., 179A,
bajmuratopaev@gmail.com, ORCID ID: 0000-0001-7931-9724

COURTS OF KAZAKH CADIS IN KARAKALPAKSTAN (LATE 19TH - EARLY 20TH CENTURY)

Abstract. Kazakhs, Uzbeks, and Karakalpaks in Karakalpakstan have long lived in deeply rooted friendly relations and maintained cooperation. Throughout their long history, they have coexisted peacefully. In the 19th century, due to historical circumstances, these peoples first fell under the rule of the Khiva Khanate, and later became part of the Russian Empire. In each region of Kazakh settlements, clans elected a cadı - a judge from among themselves capable of

delivering fair decisions. The Kazakh people, who led a nomadic lifestyle in the vast steppe, carefully preserved traditional norms passed down from father to son, and among these, the cadi courts did not lose their status. This article is dedicated to the activities of Kazakh cadis in the Lower Amu Darya region and contains information about the socio-political life of Kazakhs in the late 19th and early 20th centuries. The article examines the social status of Kazakh cadis who paid taxes in the Khiva Khanate. It analyzes the characteristics of the “people's court” institution and explores how Sharia norms and local customs are integrated within it. This study provides a deeper understanding of the legal systems of both the Khiva Khanate and the Russian Empire. The article also provides a detailed analysis of the judicial practices of Kazakh qazis and the principles of fairness in their decision-making processes. The qazis not only resolved disputes but also played a significant role in maintaining order and stability in society. Furthermore, the article presents historical evidence of the spiritual ties and mutual influence among the Kazakh, Uzbek, and Karakalpak peoples, as well as their neighborly relations grounded in shared values. This study serves as a valuable foundation for understanding the culture of peaceful coexistence in a multiethnic region.

Key words. Cadi, “people's court”, Khiva Khanate, Amu Darya division, Kazakhs, Sharia, custom, Cadi Boyra, Cadi Ish-Muhammad Janibekuly, Cadi Kudur.